

Қамқоршылық кеңес отырысы
Хаттама №1

Күні: 26.05.26

Қатысқандар:

1.2025-2026 жылындағы атқарылған жұмыстарды қорытындылау (мектеп директоры Р.)

2.Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру және барлық есепте тұрған оқушылардың бос уақытын өткізу туралы (әлеуметтік педагог Омарова Т.)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры сөз алды. Мектебімізде 2025-2026 оқу жылын 602 оқушымен аяқтадық. 1-4 сыныпта 13 сынып- 256 оқушы, 5-9 сыныпта 14 сынып 292 -оқушы , 10-11 сыныпта 2 сынып 54 оқушы білім алғандығын айтты. Мектептің жетістіктері айтылды. Сонымен қатар , мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізу және оқушылардың қауіпсіздігін артыру мақсатында атқарылған іс – шараларға есеп берді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған алдын алу шаралары тұрақты түрде жүзеге асырылып, АБК жүйесін (аппараттық-бағдарламалық кешен) мектептің кіре берісіндегі турникетке асханаға, мектеп кітапханасына орнатылғанын айтты.

Биылғы жылы әскери және технологиялық дайындық, көркем еңбек (қыздар), музыка кабинеттерін жабдыктармен және жиһазбен толықтырылды, жұмсалған қаражат 792121 теңге.Физика, психология, мұғалімдер бөлмесінің едендеріне паркет, линолеум төселді, жұмсалған қаражат 16212556 мың. Мектеп оқушылары мен педагогтерге қолайлы орта қалыптастыру мақсатында жаңа жабдыктар алу және инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар жүргізіп жатқанын жеткізді.

Екінші мәселе бойынша Әлеуметтік педагог Омарова Т. сөз алды. Мектебімізде 01.06-19.06 аралығында "Балдәурен" жазғы сауықтыру алаңы жұмыс жасап, 0-4 сынып оқушылары қатысады. Құны он күнге (13000 теңге) болатындығын айтып өтті. Қала сыртындағы «Жас Қанат» орталығының құны (25000 теңге) болатындығы ескертілді. Мектеп бойынша ПБ ЮПТ тіркеуінде және мектепшілік тіркеуде тұрған оқушылардың жазғы демалыс уақытын бақылау мақсатында оқушылардың демалыс уақытын ұйымдастыру жоспары құрылып, жауапты қоғамдық тәрбиешілер тағайындалды. Оқушылардың ата-аналарына құқықтық кеңес беру мақсатында құқықтық жадынама тарату және ата-ана жауапкершілігін арттыру мақсатында қолхат алу жоспарға енгізілді.

Қаулы етті:

1. 2025-2026 оқу жылының оқу- тәрбие үрдісінің есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қала сыртындағы лагерге оқушылардың қатысуын ұйымдастыру әлеуметтік педагогке жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымы:

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

ТолеубекГ. _____






Такабаева А. _____

Ансабай А. _____

Толеубаев М. _____

Токишева Д. _____

 Абдирова А.

Ербосынова А. 
Абылай Р. 
Чиякова А. 
Исина Ж. 
Шакирова А. 

Хатшы



Сагимбекова Д.